

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ**

Басқару институты
қолжазба құқығында

Ғабдолхаев Мирас Ғабдолхайұлы

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ТӘСІЛ

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04122 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және басқару магистрі
дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ доктор PhD Тайжанова Ж.А.

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2023 ж.

Басқару институтының директоры _____ Саяси ғылымдарының
докторы Гаипов З.С.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	16
ҚОРЫТЫНДЫ.....	44
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	46
ҚОСЫМШАЛАР.....	47

Нормативтік сілтемелер

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» (ҚР Президентінің 26.02.2021 ж. № 522 Жарлығы).

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты. «Жобаларды басқару жөніндегі Нұсқаулық. ҚР СТ ISO 21500-2014».

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты. «Бағдарламаны басқару бойынша нұсқаулық. ҚР СТ ISO 21503-2018».

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты. «Портфельді басқару жөніндегі Нұсқаулық». ҚР СТ ISO 21504-2016».

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты. «Жобаларды, бағдарламаларды және портфолионы басқару бойынша нұсқаулық. ҚР СТ ISO 21505-2018»;

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Жарлығы. 2009 жылғы 18 маусым №827.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы. 2015 жылғы 9 ақпан № 285-V ҚРЗ.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің «Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығы. 2019 жылғы 19 қараша № 444.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы. 2021 жылғы 31 мамыр № 358.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы. 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатын 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы. 2023 жылғы 28 марта № 247.

Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР	–	Қазақстан Республикасы
МБА	–	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы
АҚДМ	–	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
ЖОІК	–	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті
ҮЕҰ	–	Үкіметтік емес ұйым
ЖРО	–	Жастар ресурстық орталығы
МЖС	–	Мемлекеттік жастар саясаты
ЖС	–	Жастар саясаты
МО	–	Мемлекеттік орган
ЖБ	–	Жобалық басқару
ЖТ	–	Жобалық тәсіл
ЖАО	–	Жергілікті атқарушы орган
ОМО	–	Орталық мемлекеттік орган
РБ	–	Республикалық бюджет
ЖБ	–	Жергілікті бюджет
ISO	–	International organization for standardization
KPI	–	Key Performance Indicators - мақсатқа жету дәрежесінің өлшемі
PRINCE2	–	Жобаларды басқарудың халықаралық стандарты
PMBOK	–	Жобаларды басқарудың халықаралық стандарты

Кіріспе

Жобаның қысқаша сипаттамасы. Бұл жұмыс мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру құралы ретінде жобалық тәсіл мәселелерін зерттеуге арналады.

Сонымен қатар, магистрлік жоба аясында жобалық тәсіл туралы жалпы ақпарат, оның негізгі түсінігі мен артықшылықтары ұсынылады.

Жобалық тәсіл дегеніміз не? Біз бәрімізге үйренген «классикалық» мемлекеттік басқару негізінен «бағдарлама» ұғымымен, ал «жобалық тәсіл» - «жоба» ұғымымен байланысты. Алайда, бұл екеуі бір-бірін жоққа шығармайды, керісінше бірін-бірі толықтырып отырады. Бұл мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге және сәйкесінше жоспарлауға негіз болады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі әлемде жастар қоғам мен мемлекеттің дамуында маңызды рөл атқарады. Жастар саясаты жастардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға, оның әлеуметтік интеграциясына және қоғамдық өмірге белсенді қатысуға бағытталған мемлекеттік қызметтің маңызды салаларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының демографиялық жүйесінде жастар халықтың едәуір бөлігін құрайды. Еліміздің әрбір үшінші тұрғыны 14 пен 35 жас аралығындағы жастар. 2022 жылы заңнамалық негізде жастардың жоғарғы жас цензасының 35 жасқа дейін көтерілуі жастар санының екі есе өсіп, орташа есеппен алғанда 3 млн. адамнан 5,7 млн. адамға дейін өсуіне ықпал етті.

Сондықтан еліміз 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мемлекеттік жастар саясатын жаңа сын-тегеуріндер жағдайында жастардың қоғамға әлеуметтік және экономикалық интеграциясы бойынша негізгі міндеттер мен басымдықтарды, сондай-ақ жастардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған іс-шаралар кешені ретінде айқындайды [1].

Алайда, Мемлекеттік жастар саясатын басқару өз қызметінің масштабтарына сәйкес, әртүрлі өзгерістерге тап келетін салалардың бірі болып табылады. Бұл орайда жобалық басқару (түпкі мәні өзгерістермен тікелей байланысты) «өзгерістерді тиімді басқарудың әмбебап технологиясы» ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Бұл жобада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы жобалық тәсіл мүмкіндіктерін кеңінен талдап, аталған саладағы түйткілдерді шешу барысында жобалық тәсілді қолданудың өзектілігін көрсетуге тырыстық.

Жобалық тәсіл мемлекеттік басқару, бизнес, ғылым және білім беруді қоса алғанда, көптеген қызмет салаларында қолданылады, себебі жобалық тәсіл ресурстарды тиімді пайдалануға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі жаңа жаһандық үрдістер мен күн өткен сайын өсіп отыратынын жастардың қажеттіліктерін ескерсек, мемлекеттік жастар саясатын жүргізу

және жоспарлау заманауи әдістерді уақыт талабына сай қамтып отырғаны абзал.

Зерттеу мәселесі. Мемлекеттік жастар саясатының белгілі бір жетілуіне және тиімділігіне қол жеткізгеніне қарамастан, бұл саланың одан әрі дамыту үшін бірқатар мәселелер әлі де бар. Қазірдің өзінде мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда келесідей негізгі проблемалар байқалады:

- ұлттық жобалардың өзара байланысының жеткіліксіздігі, іс-шаралардың бірізділігінің болмауы, бір мезгілде көптеген бастамаларға ұмтылу;
- жастардың енгізіліп жатқан бастамалар туралы хабардар болуының әлсіз деңгейі;
- Жастар ресурстық орталықтарының жастарға қызмет көрсету бойынша толыққанды орталыққа айналмауы.

Бұл проблемалар тиісті салада мемлекеттік басқарудың нақты және адекватты құралдарын құру қажеттілігін көрсетеді.

Мемлекеттік жоспарлау процесінде жобалық менеджмент стандарттары кеңінен қолдануға көп көңіл бөлініп отыр.

Мемлекеттік басқару жүйесінде жобалық тәсілді енгізу тиімділікті арттыру құралы саналатыны туралы бірқатар шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінен де көруге болады.

Жобалық басқарудың теориялық және практикалық мәселелерімен айналысатын отандық ғалымдардың жұмыстарының ішінде К.С. Мұхтаров, А.Н. Төлембаева, Б.С.Есенгелдин, А.С.Есенгелдин, Д.М.Катышев, В.И.Затолокина, Е.Т.Тулесбаев, А.Р.Ойнаров, Ж.А.Тайжанова, Л.И.Кармазин, Т.Болатжанұлы, Д.М.Катышев, А.У.Купжанов және т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Мемлекеттік басқаруды жобалық басқару контекстінде қарайтын көптеген ғылыми жұмыстарға қарамастан, мемлекеттік жастар саясаты саласын басқарудағы жобалық тәсіл туралы шетелдік зерттеулер аз, ал отандық зерттеулер жоқ деуге болады.

Магистрлік жобаның мақсаты. Жастар ресурстық орталықтарының мысалында жобалық тәсілге негізделген мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді қойылады.

- мемлекеттік басқарудағы жобалық тәсіл туралы көзқарастарды теориялық тұрғыдан зерделеу;
- мемлекеттік жастар саясатының тиімділігіне әсер ететін ағымдағы проблемаларды анықтау;
- мемлекеттік жастар саясатын басқарудағы шетелдік және отандық тәжірибені салыстыру;
- Жастар ресурстық орталықтары қызметін жобалық тәсілді қолдану арқылы жетілдіру бойынша ұсынымдарды енгізу.

Зерттеу нысаны мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру тетіктері.

Зерттеу пәні мемлекеттік жастар саясатын жобалық басқару тұрғысындағы қоғамдық қатынастар болып табылады.

Гипотеза - жастардың мүдделері мен қазіргі заманғы қажеттіліктерін ескере отырып, жобалық тәсілді қолдану арқылы мемлекеттік жастар саясатын жетілдіруге болады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы. жоба мемлекеттік жастар саясатын басқаруда қалыптасқан бағдарламалық-мақсатты тәсілден, белгілі мерзімдермен шектелген және мүдделі тараптардың толыққанды қатысуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ нақты көрсеткіштерге негізделетін жобалық тәсілдің артықшылықтары бойынша ұсынымдарды қамтиды. Бұл ұсынымдар келешекте мемлекеттік жастар саясаты саласындағы стратегиялық мақсаттары қайта қарау кезінде уәкілетті және салалық мемлекеттік органдардың, жастар ұйымдарының қызметінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу барысында 2022 жылғы Астана қаласында өткен «Science and education in the modern world: challenges of the 21st century» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында, 2022 жылғы 27-28 сәуірде ҚР МБА ұйымдастырылған «Open Government and the New Culture of Administration: Hear, Understand, Act» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында магистрлік жоба тақырыбына қатысты **ғылыми баяндамалар** жарияланды.

Негізгі бөлім

Жобалық тәсілдің мемлекеттік басқару процесіндегі мәні мен маңызы.

Әдебиетке шолу барысында жобалық тәсіл және жобаларды басқару бойынша әртүрлі кітаптар қарастырылды. Әсіресе аталған тақырыптағы шетелдік әдебиеттерге көбірек назар аударылды. Бұл ретте, жобалық басқару бойынша әлемдік үздік әдебиеттерге қол жеткізуге Nazarbayev University кітапханасы мүмкіндік бергенін атап өтеміз. Жалпы, шолудан өткен кітаптар жобаларды құрудан бастап оларды басқаруға дейінгі жобалық тәсілдің әртүрлі аспектілерін қамтиды. Кітаптар сонымен қатар мұғалімдерге, жоба менеджерлеріне және кәсіпкерлерге жобалық тәсілдің қалай жұмыс істейтінін жақсы түсінуге көмектесетін әртүрлі әдістемелер мен құралдарды ұсынады.

1) «Жобаларды басқару: әдістер мен практика» (Project Management: Methods and Practice) - Джон Мантеллдың бұл кітабы жобалық менеджмент саласындағы классика саналады. Ол жобаны құрудан бастап оны аяқтауға дейінгі жобаларды басқарудың барлық аспектілерін қамтиды. Кітапта оқырманға жобалық тәсілдің қалай жұмыс істейтінін жақсы түсінуге көмектесетін көптеген мысалдар мен практикалық кеңестер бар [2].

2) Автор Скот Беркун «The Art of Project Management» кітабында жобаны басқарудың барлық аспектілерін, соның ішінде жобаларды жоспарлауды, бақылауды және бағалауды қамтитын жобаларды басқарудың практикалық нұсқаулығын көрсетеді. Автор оқырмандарға күрделі ұғымдарды жақсы түсінуге көмектесу үшін қарапайым тілді түсіндіруге тырысады [3].

3) «Жобаны басқару: қадам бойынша» (Project Management Step by Step). Бұл кітаптың авторы Ричард Ньютон оқырманға жобаны құруға және жүзеге асыруға көмектесетін қадамдық нұсқаулар береді [4].

4) Agile Project Management - Джим Хит. Бұл кітап жобаларды басқарудың Agile тәсілін сипаттайды. Agile тәсіл жобаны басқарудың дәстүрлі тәсіліне қарағанда икемді және бейімделгіш [5].

5) «Жобаларды басқару: практикалық тәсіл» (Project Management: A Practical Approach) - Майкл Хатчинсон. Кітапта PRINCE2 және PMBOK сияқты жобаларды басқарудың әртүрлі әдістемелері туралы ақпарат бар [6].

6) «Critical Chain» кітабының авторы Элияху М. Голдрат шектеулер теориясына негізделген жобаларды басқарудың жаңа тәсілін ұсынады. Автор жобаларды тиімдірек басқару және алға қойған мақсаттарға тезірек жету үшін «сыни тізбек» тұжырымдамасын пайдалану керектігіне назар аударады. Кітапта оқырмандарға бұл тәсілді жақсырақ түсінуге көмектесетін көптеген нақты өмірлік мысалдар бар [7].

7) «The Lean Startup: How Today's Entrepreneurs Use Continuous Innovation to Create Radically Successful Businesses» атты Эрик Райстың кітабында стартаптар мен инновациялық компаниялардағы жобаларды басқарумен айналысатындар үшін өте пайдалы. Кітапта жаңа өнімді нарыққа тез шығаруға және сыртқы ортаның өзгеруіне тез бейімделуге мүмкіндік беретін «оңай

бастау» әдістемесі сипатталған. Бұл әдістеме тез өзгертін жағдайларда жұмыс істейтін менеджерлер үшін пайдалы болуы мүмкін [8].

Мемлекеттің басқару функцияларын неғұрлым оңтайландыру және әлеуметтік-экономикалық салаларды тиімді дамыту процесінде жобалық тәсілді қолданудың өзектілігі артып келеді. Жобалық тәсілдің негізгі ұғымы жобалық басқарудан шығады. Жобалық басқару жүйесі - белгілі бір жоба үшін қажетті шараларды нақты анықтау арқылы түбегейлі нәтижеге қолжеткізуге мүмкіндік беретін процестер жиынтығы. Жобалық басқару жаңа өнімді әзірлеу, қандай да бір іс-шараларды өткізу, даму бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында экономикалық қызметтің барлық бағыттарында қолданылуы мүмкін.

Жобалық тәсілді мемлекеттік басқару, соның ішінде мемлекеттік жастар саясаты сияқты нақты саланы дамыту барысында қолдану, осы саладағы ағымдағы ахуалды реттеу бойынша ойлау траекториясын өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру жолдарын жаңартып, тек қолда бар негіздерді ғана емес, институционалды түрде жаңа тәсілді қолдануға бейімдейді.

Қазақстан Республикасының қалыптасуы мен дамуының қазіргі жағдайында мемлекеттік басқару жүйесінің тәсілдерін жақсарту маңызды міндет болып табылады. Бұл жүйені мемлекеттік басқару тетіктерін зерттеудің теориялық тәсілдерін түсінбей, ғылыми негіздемесіз практикада қолдану мүмкін емес. Ең алдымен «Мемлекеттік басқару тәсілдері» ұғымын ашпай, оның тиімділігін арттыру мәселесін шешу қиын болады, өйткені мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі оның дұрыс үйлестірілген және мақсатты жұмыс істейтін тәсілдерінің жиынтығына байланысты.

Терминологиялық сөздіктерде «тәсіл» сөзінің әр түрлі түсіндірмесі берілген:

– біреуге әсер етудегі, бір нәрсені үйренудегі, істі жүргізудегі тәсілдер жиынтығы;

– біреуге бір нәрсемен қарым-қатынас жасау, бір нәрсені қарастыру немесе біреуге бір нәрсеге әсер ету тәсілдерінің жиынтығы;

– бір нәрсеге әсер етудегі, істерді енгізудегі, бір нәрсені зерттеудегі және басқалардағы әдістер жиынтығы;

– тапсырманы орындау немесе тапсырманы шешу үшін қолданылатын немесе қабылданатын әдіс немесе белгілі бір әрекеттер (процедуралар);

– кез-келген мәселені қарау тәсілі;

– біреуге әсер етудегі, бір нәрсені үйренудегі, бір нәрсеге сананы оятудағы әдістердің жиынтығы [9].

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан көріп отырғанымыздай, барлық түсіндірулердегі тәсіл қандай да бір объектіні зерттеуде субъектінің әсер ету әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықталады.

Біздің ойымызша, мемлекеттік басқару жүйесінде тәсіл басқару объектісіне қатысты мемлекеттік басқару әдіснамасы іске асырылуы тиіс құбылысты, белгілі бір процесті қарау бағытын білдіреді.

Осыған байланысты нақты мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік саясатты іске асыру үшін қолданылатын мемлекеттік басқарудағы әртүрлі тәсілдерді қарастыру орынды деп санаймыз. Мемлекеттік басқару теориясында дәстүрлі түрде келесі тәсілдер бөлінеді:

- әртүрлі басқару мектептерін бөлуге негізделген тәсіл;
- процесс тәсілі;
- жүйелік тәсіл;
- ситуациялық тәсіл;
- институционалдық тәсіл;
- функционалдық-құрылымдық тәсіл;
- бағдарламалық-мақсатты тәсіл;
- жобалық тәсіл.

1 кесте – Басқарудағы әртүрлі мектептерді бөлектеу тұрғысынан тәсілдердің бөлінуі

Тәсілдер	Бұл ғылыми басқару	Әкімшілік басқару	Адами қатынастар және мінез-құлық туралы ғылым	Басқару ғылымдары немесе сандық әдістер
Авторлар	Ф.Тейлор, Ф. Гилберт, Г. Гратт	А. Файол, Л. Урвик, М. Вебер	Э. Мейо, М. Фоллетт, А. Маслоу, К. Арджирис, Р.Лайкерт, Дж.Мак-Грегор, Р.Блейк	Н.Винер, Р. Акофф, Л. Фон Бер-таланфи
Ескертпе - автормен [10] дереккөз бойынша құрастырылған				

Жалпы, мемлекеттік басқарудағы әртүрлі тәсілдерді қарастыра отырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ажыратуға болады.

Мәселен, **әртүрлі басқару мектептерін бөлуге негізделген тәсілдің** негізгі артықшылықтары бұл - ғылыми критерийлер негізінде жұмысшылар мен менеджерлерді іріктеу; - ұйымды табысқа жетелейтін басқару принциптерінің жүйесін құру; басшылық лауазымдарға адамдарды іріктеу үшін негізгі талаптарды тұжырымдау болып табылады. Ал оның негізгі кемшіліктері: басқарудағы механикалық тәсіл; басқарудың әлеуметтік аспектілеріне назар аудармау; қатаң математикалық әдістердің, нақты есептеудің болмауы [11].

Процесс тәсілінің де артықшылығы процестер ішіндегі және оларға сәйкес бөлімшелердегі өзара байланыстардың нақты жүйесінде. Ал

кемшіліктері, ол жұмыс нәтижелерінің менеджерлердің біліктілігіне тәуелділігінің артуы.

Келесі **жүйелік тәсіл** өлшеу және бағалау арқылы жүйені үздіксіз жетілдірумен ерекшеленеді, бірақ мұндам емлекеттік басқарудың стратегиялық құжаттарына тәуелділік көп байқалады [10].

Ситуациялық тәсілде ұйымның жетістігіне тікелей әсер ететін факторларды бөліп көрсету мүмкіндігінің болмауы басты кемшіліктерінің бірі. Жалпы, аталған тәсіл ситуациялық ойлауды дамытуға және алынған теориялық білімді нақты нақты жағдайларға қолдануға бағытталған.

Институционалдық тәсіл «барынша қолайлы режимді» құруға бағытталған заңнамалық және нормативтік базаны дамытуға жұмыс жасайды. Бір кемшілігі, онда саяси институттардың бейресми құрылымын зерттеуге көп көңіл бөлінеді, сонымен қатар талдауды мінез-құлық тәсілімен толықтыруға тырысады.

- Қызметкерлер өздері таңдаған мамандыққа мамандануға және осылайша жоғары деңгейдегі кәсіби дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін тәсіл - **Функционалдық-құрылымдық тәсілге** жатады. Мұндағы жетіспеушіліктер қызметкерлердің жоғары мамандануына, оларға туындаған проблемаларды тұтастай көруге мүмкіндік бермейді және функционалдық бөлімшенің нәтижелілігінің критерийі іскерлік процестің нәтижелері емес, оның бастығының пікірі болып табылады.

Елімізде кең таралған тәсілдің бірі - **Бағдарламалық-мақсатты тәсіл**. Ол іске асыру мерзімдері бағдарламалардың қажетті материалдық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты болатын бағдарламалардың индикативтік сипатына ие. Алайда, бағдарламаның бас орындаушысы тарапынан бағдарламаны басқарудың тиімді жүйесінің және бағдарламаның мемлекеттік тапсырыс берушісі тарапынан бақылау жүйесінің болмауы кем тұсы саналады.

Сонымен қатар, соңғы заманауи тәсіл - **Жобалық тәсіл**. Жобалық тәсілдің басты артықшылықтары ақшалай және басқа ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз етеді; арнайы стандарттарды қолданады; тәуекелдерді, болжамдарды және бюджеттерді басқаруға мүмкіндік береді. Мұнда міндетті түрде жоба менеджерінің жоғары біліктілік қажеттілігі және жобаның түпкі мақсатын нақты анықтау қажеттілігі туындайды [10].

Көптеген ғылыми еңбектерде мемлекеттік басқарудағы жобалық тәсіл мемлекеттің мақсатты қызметін жүзеге асырудағы ең прогрессивті әдіснамалық тәсіл ретінде қарастырылады.

Қазіргі жағдайда бағдарламалық-мақсатты тәсіл біршама ескірген, осыған байланысты мемлекеттік басқарудағы жобалық тәсіл өзектілігін арттыруда, бұл көптеген дамыған экономикаларда да айтарлықтай дамуға ие. Бұл тәсіл сыртқы ортаның белгілі бір тұрақсыздығы болған кезде стандартты емес жағдайларды жедел шешуге бағытталған. Жобалық тәсіл ресурстардың басым бағыттарға көбірек шоғырлануын қамтамасыз етуге, шешім қабылдау кезінде әкімшілік-бюрократиялық кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

Алайда, қызметті жобалық тәсілге негізделген деп санау үшін басқару объектісін «жоба» деп атау және «жоба менеджері» құрылымдық бірлігін құру жеткіліксіз. Жобалық тәсіл арнайы жағдайлар жасауды және арнайы стандарттарды қолдануды қамтиды.

Жобалық тәсілдің негізі - бұл «жоба» ұғымы. Ол жобаларды басқару пәні туралы идеяларды қамтиды, жобаларды басқарудың категориялық аппаратында орталық орын алады. Тәуелсіз білім саласы ретінде жобаларды басқарудың ұзақ өмір сүруіне қарамастан, жоба тұжырымдамасын басқарушылық түсіндіру жобаларды басқару теориясы мен практикасының дамуында болып жатқан тенденциялардың әсерін сезінуді жалғастырады [11].

2 кесте – «Жоба» ұғымын түсіндірудің негізгі тәсілдері

Жоба белгілер жиынтығы ретінде	Жоба жүйені өзгерту ретінде	Жоба жоспарланған құжаттардың жиынтығы ретінде	Жоба іс шаралар жиынтығы ретінде
Көбінесе олардың жиынтығындағы жағдайлардың бірегейлігімен сипатталатын кәсіпорын	- Бастапқы деректері бар және оны шешу жолын анықтайтын нәтижелер мен мақсаттар қажет кейбір тапсырма -Белгіленген мақсаттары бар кейбір кәсіпорын, оған қол жеткізу жобаның аяқталуын анықтайды	Құжаттаманы әзірлеу үшін кейінгі деректерді беретін, объект туралы толық түсінік беретін принципті немесе түпкілікті шешімді қамтитын құжаттар жиынтығы	Тиісті түрде ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, өндірістік, ұйымдастырушылық, қаржылық, коммерциялық және басқа да іс-шаралар кешені болып табылады.
Авторлары			
DIN, Германия	И.И. Мазур, В.Д. Шапиро, Н.Г. Ольдерогге, Ю.И. Попов	А.В. Анцеев	Е.А. Яковлев
Ескертпе - автормен [11] дереккөз бойынша құрастырылған			

А.Н.Азрилян өңдеген үлкен экономикалық сөздікте «жоба» ұғымы бірнеше мағынада түсіндіріледі:



1) уақыт шектеулі және салыстырмалы түрде күрделі тапсырма («кілтке дейін» ғимаратты тұрғызу, жаңа өнімді немесе технологияны әзірлеу және т.б.);



2) құрылысты немесе бұйымды жасау үшін есептеулер, сызбалар және басқа құжаттар жиынтығы;



3) белгілі бір мақсаттарды әзірлеу және оларға қол жеткізу жөніндегі іс-қимылдардың, орындаушылардың және құралдардың жиынтығы.

Ескертпе - автормен [12] дереккөз бойынша құрастырған

Бір ғана «жоба» сөзіне бірқатар мағына берілуі негізнен жобалық тәсілді көптеген салаларда қолдануға болатындығын дәлелдей түседі. Ғалымдардың анықтамаларындағы «ортақ пікірі ретінде жобаның бірегей мүмкіндіктер мен шектеулер жиынтығы, нәтижеге бағытталған жүйені құруға» деген ұмтылыс деп пайымдауға болады.

Кез-келген жоба бірнеше процестерден тұрады: біріншісі жоба өнімімен байланысты өмірлік циклдарды қамтиды, ал екінші типтегі процестер өз кезегінде жобаларды басқаруға бағытталған және жұмысты ұйымдастырудан тұрады.

Ендігі кезекте «жобаларды басқару» ұғымының мазмұнын ашу маңызды. Бұл тұрғыда О. Дойникова «жобаларды басқару» ұғымын басқарудың негізгі функцияларымен өзара байланыста болатын белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған шаралар кешені ретінде қарастырады [11].

Ал И. И. Мазура, В. Д. Шапиро, Н. Г. Олдерогенің анықтамаларынан аталған ұғымды басқарудың заманауи әдістерін қолдану арқылы жобаны жүзеге асыруды бүкіл цикл бойы материалдық емес және материалдық ресурстарды басқару процесі ретінде түсіндіретінін көруге болады [11].

РМВоК стандартының түсіндірмесі бойынша «жобаларды басқару» талаптарды қанағаттандыру үшін жоба жұмыстарына білім, дағдылар мен әдістерді қолдану болып табылады [13].

Н.Ю.Тумбинскаяның пікірінше «жобаларды басқару» жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін басқарудың жаңа әдістерін қолдану арқылы жобаның барлық өмірлік кезеңдеріне адами, материалдық емес және материалдық ресурстарды басқару, сондай-ақ үйлестіру өнері» [11].

Жоғарыдағы көзқарастар жобаны басқаруды процесс немесе шаралар кешені деп бөліп қарайтынына қарамастан, екі пікірдің арасында ұқсастықтар

өте көп. Себебі, жалпы жобаны басқару әрдайым дәстүрлі құралдарды қолдану арқылы қол жеткізілетін нақты мақсаттарды орындауға бағытталады.

Аталған тұжырымдарды ескере отырып, «жобалық басқаруды» басқару қызметінің түрі, жобаларды басқару жүйесіне негізделген өндірісті басқаратын ұйымдастырушылық әдіс ретінде қарастырған жөн. Себебі жобалық технологияларға негізделген басқару ұйымның, кәсіпорынның, саланың, өңірдің стратегиялық көзқарасымен тығыз байланысты, олардың өзара тәуелділігін, толықтырылуын, байланысын ескере отырып, таңдалған жобалар кешенін орындау арқылы жүзеге асырылады.

Жобалық тәсіл тұжырымдамасы осы тәсілді түсінуді қамтамасыз ететін және оның ерекшеліктерін анықтайтын келесідей принциптер жүйесін қарастырады.

1 сурет – «Жобалық тәсіл принциптерінің жүйесі»



Ескертпе - автормен [11] дереккөздер бойынша құрастырылған

Жобалық тәсілді сипаттайтын қағидаларды кез-келген кәсіпорынның немесе мекеменің құрылымына сәйкес келетін нақты ұйымдастырушылық құрылым деуге болады.

2 сурет – «Кәсіпорындағы (мекемедегі) жобалық тәсілдің тиімділік факторлары»

СТРАТЕГИЯЛЫҚ	• Стратегиялық және жедел басқарудың байланысын орната отырып, қойылған міндеттерді орындауға ағымдағы қызметті ұйымдастырады.
ЭКОНОМИКАЛЫҚ	• Кәсіпорынның маңызды міндеттеріне назар аудару арқылы ресурстарды тиімді бөлуді қамтамасыз етеді (қаражатты шашыратудың алдын алады, ішкі резервтер ашылады, шығындарды бақылау күшейтіледі).
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ	• Корпоративтік мақсаттарға бағдарлануды қамтамасыз етеді, келісілмеген, өзара қарама-қайшы іс-әрекеттер мүмкіндігін азайтады.
ЫНТАЛАНДЫРУШЫ	• Кәсіпорынның маңызды міндеттеріне назар аудару арқылы ресурстарды тиімді бөлуді қамтамасыз етеді (қаражатты шашыратудың алдын алады, ішкі резервтер ашылады, шығындарды бақылау күшейтіледі).
ШОҒЫРЛАНДЫРУШЫ	• Мамандардың күш-жігерін біріктіру арқылы қабылданған шешімдердің дұрыстығын қамтамасыз етеді, субъективизм мен қызметтік теріс пайдалану ықтималдығын азайтады.
КОММУНИКАТИВТІ	• Жобадағы бірлескен жұмыс нәтижесінде құрылымдық бөлімшелерден тыс коммуникациялардың пайда болуына ықпал етеді, бұл тәжірибе алмасуға, микроклиматты жақсартуға, ұжымды біріктіруге алғышарттар жасайды.
ҚҰРЫЛЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ	• Жобаның жаңа құрылымдары мен командаларын құру арқылы ұйымдастырушылық құрылыспен байланысты; жоба функционалды (көлденең) байланыстардың ресми көрінісі ретінде қызмет етеді.

Ескертпе - автормен [13] дереккөздер бойынша құрастырған

Жобалық тәсілді мемлекеттік басқару мен экономиканың кез-келген саласында қолдану мақсаттарға қысқа уақытта қол жеткізіп, өлшемдерін неғұрлым нақты анықтауға, ресурстарды оңтайландыруға, тәуекелдерді анықтау мен сәйкестендіруге, жобаны іске асыру процесін неғұрлым егжей-тегжейлі бақылауға ықпал етеді, бұл тұтастай алғанда бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға, стратегиялық өзгерістер жағдайында бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жобалық тәсілді арнайы стандарттарды қолдану негізінде түпкілікті мақсатты нақты анықтай отырып, жобаны іске асырудың белгілі бір мерзімдері шегінде ақшалай және басқа ресурстарды ұйымдастырудан, жоспарлаудан, үйлестіруден және бақылаудан тұратын механизм деп санауға болады.

Жобалық тәсіл үнемі болып жатқан өзгерістер жағдайында стратегиялық мәселелерді шешуге, сондай-ақ нарықтық экономикаға тән кейбір кемшіліктерді жоюға мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады.

Зерттеу процесінде келесідей зерттеу әдістері қолданылды: әлеуметтік сауалнама, статистикалық мәліметтерді талдау, «кейс-стади» әдістерін қолдану арқылы мемлекеттік жастар саясаты мен жобалық тәсілдің теориялық негіздемесін және шетелдік тәжірибесін талдау, сондай-ақ SWOT – талдау.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру кезіндегі жастардың негізгі мүдделі тарап ретінде қатысуын анықтау және жастарға мемлекеттік қызметтерді көрсететін мемлекеттік орган қызметкерлерінің пікірлерін білу мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Салыстырмалы талдау және «кейс-стади» әдістерін қолдану арқылы мемлекеттік жастар саясаты мен жобалық тәсілдің теориялық негіздемесін және

шетелдік тәжірибесін зерделеп, ондағы жобалық басқарудың тиімді әдістемелерін тәжірибелік тұрғыда алмасу мүмкіндіктерін анықталды.

Сонымен қатар, қазіргі уақыттағы мемлекеттік жастар саясатындағы негізгі ахуалды талдау және Жастар ресурстық орталықтарының тиімділігін бағалау статистикалық талдау шеңберінде жасалды.

Жастар ресурстық орталықтарының жобалық тәсіл бойынша қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдардың дұрыстығын анықтау үшін SWOT – талдау әдісі қолданылды.

Мемлекеттік жастар саясаты ұғымы, міндеттері мен басымдықтары.

Қазақстан Республикасының заңнамаларында «мемлекеттік жастар саясаты» жастарды қолдауға және дамытуға, олардың қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріне қатысуына, жастардың белсенділігін, шығармашылық бастамасын қалыптастыруға және олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік іс-қимылдар жиынтығы ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі міндеттері: жастарды әлеуметтендіру; оны қоғамдық өмірге қосу; салауатты және табысты жастар ортасын қалыптастыру; жастардың білім деңгейі мен кәсіби даярлығын арттыру; олардың мүдделері мен құқықтарын қорғау.

Осы мақсаттарға жету үшін мемлекеттік жастар саясаты жастарға әсер етудің әртүрлі формалары мен әдістерін қолданады. Ол жастарға жеңілдікті жағдайлар жасауға, жастар қауымдастығын қолдауға, білім беру мен мәдени іс-шаралардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, жастарды қолдау мүмкіндіктері мен көздері туралы хабардар етуге, сондай-ақ нақты бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге бағытталуы мүмкін.

Қазақстанда мемлекеттік жастар саясаты 2015 жылғы 24 сәуірдегі «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңның негізінде жүзеге асырылады. Заң мемлекеттік жастар саясатының негізгі принциптерін, сондай-ақ оның мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі қағидааттары:

- жастардың мүдделері мен құқықтарын құқықтық қамтамасыз ету;
- жастардың өмірлік мүдделеріне қатысты шешімдер қабылдауға қатысуы;
- жастар үшін мүмкіндіктер теңдігі;
- жастар бастамалары мен жобаларын қолдау;
- жастардың пікірі мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- жастардың шығармашылық әлеуеті мен кәсіби дағдыларын дамыту.

Мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары:

- жастардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау;
- жастардың шығармашылық әлеуеті мен кәсіби дағдыларын дамыту;
- жастарды қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне интеграциялау;

- жастардың салауатты өмір салты мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;

- жастар бастамалары мен жобаларын қолдау.

Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатының міндеттерін былайша топтастыруға болады:

1. Жоғары білімнің қолжетімділігін және жалпы білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету. Ол үшін мемлекет қоғамдағы білім беру мәртебесін көтеру, ұлттық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін қолдау және кәсіптік оқыту жүйесін дамыту үшін жағдайлар жасауға тиіс.

2. Жастарды дамыту үшін жеңілдікті жағдайлар жасау. Бұл міндет азаматтық қоғамды дамытуды, әлеуметтік маңызды бастамаларды қолдауды, отбасы, ата-ана мен бала институтын нығайтуды, өзара түсіністік пен диалог мәдениетін қалыптастыруды, сондай-ақ жастардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтиды.

3. Жастар қауымдастықтары мен ұйымдарын қолдау. Бұл мемлекеттік жастар саясатының ең маңызды бағыты, оның шеңберінде жастардың қоғамдық қатысуын қолдау және нығайту, бос уақыт пен ойын-сауық үшін арнайы жағдайлар жасау, әлеуметтік-мәдени орталықтардың жұмысын ұйымдастыру және т. б. бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Жалпы, Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатының басымдықтары жас ұрпақтың өзін-өзі жүзеге асырудың тиімді жүйесін құру, жастардың белсенді азаматтығын және қоғам өміріне қатысуын қолдау, сондай-ақ елдегі әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстанда мемлекеттік жастар саясаты шеңберінде жастарды қолдау қолдау көптеген іс-шараларды өткізу арқылы көрініс табады. Мәселен, Жастар орталықтарын құру, форумдар мен конференциялар, жас ғалымдар мен инноваторлардың жобалын қолдау, жастар арасындағы туризм мен кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ басқа да іс-шаралар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, Қазақстанда жастар бастамалары мен жобаларын мемлекеттік қолдау жүйесі жұмыс істейді.

2023 жылғы 28 наурызда «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданды (бұдан әрі - Тұжырымдама). Мемлекеттік жастар саясатын дамытудың жаңа тұжырымдамасы осы саладағы негізгі басымдықтарды айқындайды. Тұжырымдама елдегі жастардың тиімді және мақсатты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Тұжырымдамада жастардың алдында тұрған мәселелерді шешудің жаңа тәсілдері, сондай-ақ жастарды қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына қолдау мен қатысудың жаңа тетіктері бар [14].

Тұжырымдама алдына қойған негізгі міндеттердің бірі - жастардың шығармашылық әлеуеті мен кәсіби дағдыларын дамыту үшін жағдай жасау. Ол үшін жастар ғылымын, инновациялар мен кәсіпкерлікті дамыту бойынша

көптеген іс-шаралар, сондай-ақ жастар бастамалары мен жобаларын қолдау көзделген.

Тұжырымдаманың тағы бір маңызды міндеті - жастарды қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне тарту. Ол үшін жастардың шешім қабылдауға және басқаруға қатысуын арттыру, жастар ұйымдарының жұмысы үшін жағдай жасау және олардың түрлі қоғамдық жобаларға белсенді қатысуы жөніндегі іс-шаралар көзделген.

Сонымен қатар, тұжырымдама жастардың салауатты өмір салты мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ жастардың құқықтарын қорғауға және қоғамдағы жағымсыз көріністермен күресуге көп көңіл бөледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын дамытудың жаңа тұжырымдамасы елдегі жастардың тиімді дамуын қамтамасыз етуде, олардың қазіргі әлемде табысты бейімделуіне және Қазақстанның болашағын қалыптастыруға қатысуына жағдай жасауда маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік жастар саясатының шетелдік тәжірибесі.

Қазіргі әлемде жастар қоғамның ең серпінді және маңызды әлеуметтік топтарының бірі болып табылады. Жастар саясатын мақсатты басқару қоғамның тұрақты дамуына қол жеткізудің негізгі факторы болып табылады. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, тиімді мемлекеттік жастар саясаты жобаларды басқару әдіснамасын пайдалана отырып жоспарлануы және іске асырылуы тиіс.

Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер тиімді жастар саясаты жүйесін құру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл саладағы ең жақсы шетелдік тәжірибелердің бірі - **Германия** [15].

Мемлекеттік жастар саясатының заңнамалық базасы дамыған елдердің бірі осы салада заң шығарудың ұзақ дәстүрі бар Германия болып саналады. Мұнда 1839 жылы зауыттарда жастарды жұмыспен қамту туралы бұйрық қабылданды, 1900 жылы - Пруссияның кәмелетке толмағандардың қамқорлығы туралы Заңы, ал 1922 жылы – жастарды қолдау туралы империялық Заңы қабылданған [15].

Негізінен Германияда жастар мәселелері ратификацияланған халықаралық актілер және елдің жалпы заңдары – кодекстер, әлеуметтік көмек, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу туралы заңдары аясында шешіледі.

Бұл елдің мемлекеттік емес секторды тартудағы тәжірибесі де қызықты. Мұнда 90-ға жуық аймақаралық жастар ұйымдары мен одақтары бар, олардың құрамына жас немістердің шамамен 25% кіреді. Мемлекет жастар жұмысында одақтарға, қоғамдарға, діни бірлестіктерге, қорларға және басқа да тәуелсіз ұйымдарға жол ашады, соның арқасында қоғамдық дамудың барлық бағыттарында ұсынылатын қызметтердің кең спектрі құрылады, бұл жастар мен ата-аналар алдында кең мүмкіндіктер ашады.

Германияда жастар бағдарламалары мен іс-шараларын ұйымдастыру үшін жобаларды басқару әдістемесі қолданылады. Олар жастардың қажеттіліктерін

ескере отырып әзірленеді және олардың өзін-өзі жүзеге асыруын, қоғамға қатысуын және кәсіби дағдыларын дамытуды қолдауға бағытталған [15].

Жобаның нақты мақсаттары мен міндеттері жоспарлау кезеңінде анықталады. Ол үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерге талдау жасалады, ресурстар анықталады және іс-қимыл жоспары жасалады. Бұл тәсіл міндеттерді неғұрлым тиімді және мақсатты түрде шешуге және басымдықтарға қол жеткізуге, жастар ұйымдары мен қауымдастықтарын нығайтуға, сондай-ақ жастардың қоғам өміріне белсенді қатысуын қолдауға мүмкіндік береді.

Австралияда жобаларды басқару әдістемесі жастар арасында кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды ұйымдастыру үшін қолданылады. Бағдарламалар жас кәсіпкерлердің бизнес-сарапшылармен, тәлімгерлермен және инвесторлармен байланысын қамтамасыз ету үшін құрылады. Бұл тәсіл жастарға одан әрі кәсіпкерлік қызметте қолдануға болатын тәжірибе мен білім алуға мүмкіндік береді [16].

Швецияда «табысты жастар» бағдарламасы бар. Ол жастарды өзінің жеке және кәсіби мақсаттарына жетуге қолдауға бағытталған. Бағдарлама жастарға өз идеялары мен жобаларын іске асыруда қолдау көрсетуді, көрсетілген жетістіктері үшін сыйақы беруді, сондай-ақ кәсіби және жеке өсу үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздейді [16].

Жапонияда «Жастар» бағдарламасы сәтті іске асты. Оның мақсаты-жастарды өз идеялары мен жобаларын іске асыруда қолдау. Бағдарлама іс-шараларды ұйымдастыруды, қаржылық және консультациялық қолдауды, сондай-ақ халықаралық алмасу бағдарламаларын ұйымдастыруды қамтиды [17].

Канадада «Жастар іс-әрекетте» бағдарламасы бар. Бұл жастарға әлеуметтік волонтерлікке, экологияға, бейбітшілік пен дамуға байланысты жобаларына қаржылық қолдау алуға мүмкіндік беретін мемлекеттік бағдарлама. Бағдарлама сонымен қатар жастарға халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік береді [23].

Мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылы тиімді мемлекеттік жастар саясатының маңызды аспектісі болып табылады. Мысалы, Италияда жастар ұйымдары мен қоғамдық топтар ұсынған жобаларды қаржыландыратын «Азаматтық жастар» қоры бар.

АҚШ-та «Американдық жастар сөйлейді» ұлттық бағдарламасы жастарға өздерінің көшбасшылық қасиеттерін көрсетуге және мәдени және саяси ағартушылықты арттыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама коммуникация, көшбасшылық және талдау дағдыларын дамытуға бағытталған пікірталастар, тренингтер мен семинарлар өткізуді қамтиды [23].

Финляндияда жастар туралы Заңға сәйкес ұлттық ұйымдар мен олардың аймақтық бөлімшелеріне мемлекеттік субсидиялар нақты қызмет негізінде және оның әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып орналастырылады. Жұмысты орындау критерийлері: сапа, көлем, шығындар мен тиімділіктің арақатынасы саналады [16].

Мемлекеттік қаржылық қолдау 75-тен 29 жасқа дейінгі жас финдердің жартысынан көбін құрайтын 75 ұлттық жастар ұйымдарына көрсетіледі.


Саяси жастар бірлестіктерін қаржыландыру олардың жұмысының тәуелсіздігі мен дербестігін қамтамасыз ететіндей етіп құрылған. Жастар ұйымының мемлекеттік грант пен қолдау алу мүмкіндігі бар, егер ол ұлттық деңгейде жұмыс істесе, оның 29 жасқа дейінгі 3 мыңнан астам мүшесі бар.

Жергілікті деңгейде жас белсенділер одақтары жергілікті билік органдарының қаражатынан қаржылық және өзге де қолдау (тренингтер, жабдықтармен, үй-жайлармен қамтамасыз ету) алады.

Ресейде 2020 жылы жастардың жасы 35 жасқа дейін көтерілді. Нәтижесінде ресейлік жастардың саны 12,7 миллион адамға өсіп, 41 миллионға жетті. Мұнда әртүрлі салалардағы жас отбасылар мен жас таланттарды қолдауға баса назар аударады. Мәселен, Ресей үкіметі жастардың тобын саяси сипаттағы стратегиялар мен өзге де құжаттарды әзірлеу процесіне белсенді және кеңінен тартуға ұмтылады. Бұл олардың стратегиялық құжаттарының да басты мазмұнында көрсетіледі. Жалпы, жастар саясатын іске асырудағы тәсілдерді жаңарту тұрғысында осындай үрдісті атап өткен жөн [16].

Еуропалық одақ жастар саясаты кеңесінің бағалауы бойынша оның жетістігі төмендегідей бес құрамдауышпен айқындалады («С» «бес қағидасы»):

3 сурет - Еуропалық одақ жастар саясатының бағалауы



Ескертпе - автормен [25] дереккөз бойынша құрастырылған

Сонымен қатар, Еуропа елдері жастар саясатының қолданыстағы моделін келесі тетіктерге негізделеді:

- Жастар саясатын дамытудың өңірлік және ұлттық бағдарламалары.
- Жастар саласындағы ең ірі әлемдік алаңдардың бірі – 1996 жылы Брюссельде (Бельгия) құрылған Еуропалық жастар форумы (ЕЖФ) [22].

Латвияда муниципалитеттер жастар ұйымдары мен жастардың бастамашыл топтарына (формальды емес бірлестіктер) жастар мәселелері бойынша өзін-өзі басқару шешімдерін талқылауға қатысуға мүмкіндік береді. Латвия жастар ұйымдары мемлекеттік бюджеттен жастардың бастамаларын көтермелеу және шешімдер қабылдау мен қоғамдық өмірге қатысу жобаларына, сондай-ақ жастармен жұмыс жасау жобаларына арналған қаражат алуға құқылы [16].

Литвада өңірлік жастар саясатын іске асыру мақсатында «Жастар істері жөніндегі муниципалды үйлестіруші» институты жұмыс істейді. Бұл институт муниципалдық билік, жастар және ҰЕҰ арасындағы ынтымақтастық желісін құрады және қолдайды, сондай-ақ жастар ортасындағы жағдайды талдау негізінде муниципалды бағдарламалар мен нысаналы жобаларды жоспарлайды және іске асырады. «Жастар ісі жөніндегі үйлестірушілерінің ұлттық қауымдастығы» Литвадағы барлық 60 өзін-өзі басқару органдарының салалық сарапшыларын біріктіреді [16].

Жастар саясатын іске асырудағы тәсілдерді жаңарту тұрғысынан мынадай үрдісті атап өткім келеді: үкіметтер осы әлеуметтік топты саяси сипаттағы стратегиялар мен өзге де құжаттарды әзірлеу процесіне белсенді және кеңінен тартуға ұмтылады. Мысалы, 2018 жылы Канада үкіметі саясаттың басым бағыттарын айқындау үшін жастармен диалогты іске қосты. Консультациялардың қорытындысы бойынша Канаданың Премьер-Министрі Кеңесі елдің жастар саясатын әзірлеуге негіз болған «Біз не естідік» есебін жасады.

Ресейде жастардың мүдделері 13 ұлттық жобаның әрқайсысында көрсетілген. 2021 жылғы 21-27 маусым аралығында елде жастар бастамаларын жинау өтті. Жастар ісі жөніндегі федералдық агенттік 15 328 жобаның түскенін хабарлады. 2021 жылдың соңында «Жастарға арналған мүмкіндіктер навигаторы» іске қосылады, соның арқасында тақырыптық конкурстардан бастап жас отбасылар мен мамандарға арналған жеңілдіктерге дейінгі барлық салалардағы қызметтер, жобалар мен іс-шаралар туралы ақпарат алуға болады.

Өзбекстанда 2021 жылы «Жастар дәптері» жобасы жүзеге асырыла бастады. Бұл әлеуметтік жағдайы төмен жастардың мәселелерін анықтауға және шешуге арналған мәліметтер базасы. Осы бағыт шеңберінде 2021 жылғы 1 мамырдан бастап жастарға кәсіпкерлік қызметті бастау үшін субсидиялар берілуде. Сондай-ақ, «Жастар дәптеріне» қатысушылар арасынан жұмыссыз жастарды жұмысқа қабылдаған кәсіпорындарға мемлекеттік меншікті жалға алу бойынша жеңілдіктер беріледі. Сонымен қатар сушылар арасынан жұмыссыз жастарды жұмысқа қабылдаған кәсіпорындарға мемлекеттік меншік оқыту бойынша жас азаматтардың шығыстарын 50 % көлемінде, сондай-ақ Ұлттық сертификаттар алуға байланысты шығыстарды өтейді. Сонымен қатар, Өзбекстанда 2022 жылдың 1 маусымынан бастап «Бір миллион бағдарламашы» жобасы шеңберінде оқу курстарын бітірген жастарға компьютерлер сатып алу үшін базалық есептік шаманың 25 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде тұтынушылық кредиттер бөлінуде [22].

Жаһандық жастар саясатын іске асырудағы көптеген дамыған мемлекеттер үшін ортақ тәжірибе - бұл жастар орталықтарын құру және дамыту құралын кеңінен қолдану.

Германияда мемлекет есебінен қаржыландырылатын жастар орталықтары бос уақытты өткізуге ғана емес, қажет болған жағдайда нақты көмек ұсынады. Мысалы, жастар кәсіптік бағдар алу жөнінде кеңес ала алады, мектептегі қақтығыстарды немесе есірткі мәселелерін қалай шешуге болатындығы туралы сұрақтар қоя алады [15].

Жапон сайттарынан алынған деректер бойынша «Жапонияда 703-тен астам жастар орталығы ашылған, олар жастармен, мектептердегі ата-аналармен консультациялар өткізеді. Негізінен бас бостандығынан айыру орындарынан оралған жастарды әлеуметтендіруге баса назар аударылады. Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттауға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, елде орта білім туралы дипломы жоқ азаматтарға қолдау көрсететін 160-тан астам RYSS (Regional Youth Support Stations) орталықтары жұмыс істейді [17].

Ал, Эстониядағы жастар орталығы – бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұйымдастыратын жастармен жұмыс істейтін мекеме. Олардың жоғарғы оқу орындарында «Жастармен жұмыс» мамандығы оқытылады [19].

Сонымен қатар, көп елдер үшін ортақ тәжірибе бұл жастар проблемаларына шешуге қолдау көрсету үшін негізінен жастар ұйымдарын әртүрлі тетіктер арқылы қолдау болып табылады. ЕО елдеріндегі жастар саясатының тиімділігін нақты өлшемдермен бағалау, БАӘ мен Ресейдегі ұлттық басымдықтарға жастар категориясын қамтитын шаралардың қосылуы жобалық басқаруға негізделетінін атап өту қажет [16].

Осылайша, шетелдік тәжірибе Мемлекеттік жастар саясатындағы жобаларды басқару әдістемесі міндеттерді неғұрлым тиімді және мақсатты түрде шешуге және басымдықтарға қол жеткізуге, жастар ұйымдары мен қауымдастықтарын нығайтуға, сондай-ақ жастардың қоғам өміріне белсенді қатысуын қолдауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Ағымдағы Мемлекеттік жастар саясатын және оны іске асырудағы жобалық тәсілдің артықшылықтарын талдау.

Бүгінгі таңда Қазақстанның жастар саясатында қажетті ұйымдық-функционалдық институттар құрылды, тиісті заңнамалық актілер қабылданды және осы саладағы өз даму жолының белгілі бір тәжірибесі жинақталды, бұл жастар саясатының қазақстандық моделі туралы пайымдауға мүмкіндік береді.

Елімізде жастар ахуалын реттеу бойынша қалыптасқан процестер бар. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жанынан Жастар және отбасы істері комитеті жұмыс істейді, оның ішінде: жастар саясатының стратегиясын әзірлеу, оны жоспарлау, нормативтік қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қызметін үйлестіру және басқалар.

Еліміздегі жастар саясатын басқарудың 3 іргелі деңгейін атап өту керек, атап айтқанда[1]:

- **республикалық деңгей:** ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңесі; ҚР АҚДМ Жастар және отбасы істері комитеті; түрлі республикалық жастар ұйымдары;

- **облыстық деңгей:** Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және 17 облыста жастар саясатына қатысты мәселелерді үйлестіру саласындағы уәкілетті басқармалар; өңірлік жастар ұйымдары; Жастар ресурстық орталықтары;

- **аудандық деңгей:** аудандық ішкі саясат бөлімдері, ауылдық жерлерде жастармен жұмыс жөніндегі нұсқаушылар, қалалар мен аудандардың жастар ресурстық орталықтары, сондай-ақ жастар ұйымдары.

Төменде кестеде жастар саясатын іске асыру жөніндегі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың функциялары көрсетілген.

ОАО	ЖАО
<ul style="list-style-type: none"> - Салалық қызметке сәйкес жастар саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру; - Жастар саласында мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды әзірлеу; - Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру. 	<ul style="list-style-type: none"> - Өңірде жастар саясатын іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру; - Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және қорғау, жұмыспен қамту, этносаралық және конфессияаралық келісім, патриоттық тәрбие, Мемлекеттік рәміздерді насихаттау, тілдік, ақпараттық, мәдени, гендерлік және отбасылық-демографиялық салалардағы жастар мемлекеттік саясатын іске асыру мәселелері бойынша өңірдің жергілікті атқарушы органдарының қызметін ақпараттық-идеологиялық сүйемелдеу, жастар саясатын жаңғырту.
<p>Ескертпе - автормен [1,22] дереккөздер бойынша құрастырған</p>	

Кесте 3 – «Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың функциялары»


Мемлекет жастар саясаты саласындағы негізгі көрсеткіштер

Жастар кез-келген мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі субъектісі ретінде жүйелі демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, білім, денсаулық, мәдени – спорттық және т.б. көрсеткіштері жүйелі мониторингті талап етеді.

2021 жылы Қазақстанда жүргізілген халық санағына сәйкес республика азаматтарының бестен бір бөлігі жастар құрады. Ал 2022 жылы заңнамалық тұрғы да осы санаттың жасын 35 жасқа дейін көтеру, елдің әрбір үшінші тұрғынын «жастар» санатына енуіне ықпал етті. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы жастар санының 3,7 млн. адамнан 5,7 млн. адамға дейін өскенін көрсетеді [24].

2022 жылғы Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында жарияланған мәліметтер бойынша демографиялық белгілері бойынша еліміздегі жастар көрсеткіші төмендегідей.

4 сурет – «Демографиялық белгілері бойынша еліміздегі жастар көрсеткіші»



Ескертпе - автормен [24] дереккөз бойынша құрастырылған

Тұрғылықты жер бойынша көрсеткіштер 14 – 28 жас аралығындағы жастардың 56,3% қалада, 43,7% ауылдық жерлерде тұратынын көрсетеді. Жыныстық бөлініс бойынша көрсеткіштерге сәйкес, ерлер 51,1% және әйелдер 48,9% құрайды. Ерлердің орташа жасы 24 жас, әйелдердің орташа жасы 22 жас мөлшерінде белгіленген. Бала туу (коэфф) көрсеткіші 123,3%, ал өлім – жітім (коэфф) 0,83%.


Қазақстанда жастарды әлеуметтік қорғаудың мақсатты бағытталған саясаты жүргізіліп келеді. NEET санатындағы жастар үлесі азайып, соның нәтижесінде әлемдік рейтингте Қазақстан NEET санатындағы жастар үлесі 1,0–9,9% деңгейіндегі ең төмен көрсеткіші бар елдер қатарына кірді.

Бұл ретте қала мен ауыл жастарының әл-ауқатында алшақтық сақталып отыр. Ауыл жастары жіті назар аударуды қажет ететін, ерекше әлеуметтік-демографиялық топ болып қала береді. Ауыл жастарының 2/3 бөлігі өз бетімен

жұмыс істейді; осы шағын топтың сапалық құрамын талдау оның едәуір бөлігі білігі төмен жұмысқа бағдарланғанын атап өтуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік - экономикалық көреткіштер бойынша еліміздегі 14-28 жас аралығындағы 2 млн. жас экономикалық белсенді болса, 1,5 млн. жас жалдамалы қызметкерлер, 420 мың жас өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, 77 мың жас жұмыссыздар қатарына жатады.

5 сурет - «01.01.2022 ж. жастар санының жалпы халық санындағы және өңірлер бөлінісіндегі үлесі, %»



Ескертпе - автормен [24] дереккөз бойынша құрастырылған

Жас қазақстандықтар арасында жұмыссыздық мәселесі өзекті болып қала береді. 2019 – 2021 жылдар кезеңінде жастар жұмыссыздығының деңгейі 0,1 пайыздық тармаққа 2019 жылғы 3,7% – дан 2021 жылы 3,8% – ға дейін өсті, бұл ретте қалада - 4,1 %, ауылдық жерлерде - 3,2 %. Білімі төмен жастар жұмыссыздыққа көбірек ұшырайды. 2021 жылы 15-28 жас аралығындағы 77,6 мың жұмыссыздардың 33,9 мыңы немесе 43,7% - ы орта кәсіптік (арнайы) білімі және 12,5 мыңы немесе 16,1% - ы бастауыш және орта білімі бар. 2019 – 2021 жылдар кезеңінде NEET (not in Education, Employment or Training, бұдан әрі – NEET) (15-28 жас) жастарының үлесі 0,5%-ға аздап төмендеді (2019 ж. – 7,4 %, 2020 ж. – 7,1 %; 2021 ж. – 6,9%). 2021 жылдың қорытындысы бойынша елімізде NEET санатындағы жастар қатарынан 234,5 мың адам бар, олар білімімен және жұмысымен қамтылмаған. Еліміз бойынша жастар арасында өз

бетінше жұмыспен қамтылғандар саны 2019 жылы 478,1 мың адамнан 2021 жылы 420,7 мың адамға, 2022 жылы 399,1 мың жастарға дейін азайды.

